

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
үйлестіру кеңесінің отырысының хаттамасы**

Онлайн форматта

Астана қ.

№9

2022 ж. 13.10., 10.00

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Кодекс Алиментариус үйлестіруші м. ғ. д., профессор Н.М.Қарсыбекова

Қатысқандар: (тізім беріледі).

Күн тәртібі:

1. 2023 жылдың II-III тоқсанда атқарылған жұмыс бойын Кодекс Алиментариус тобының есебі – Баяндамашы м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова.
2. Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі хаттамалық тапсырмасының шешімдерін орындау – хатшы Ж. Т. Толысбаева.
3. «Кодекс Алиментариус. Нәтижелер, алынған сабақтар, жетістіктер» Кодекстің Траст қорының жобасы шеңберінде финалдық конференцияны дайындау - Баяндамашы м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова.
4. Әртүрлі.

Төраға:

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің (ВҮК) мүшелерімен амандасты.

Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

1. Баяндамашы, м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова Кодекс Алиментариус тобының II-III тоқсандағы (2023 ж. сәуір-қыркүйек) қызметі туралы есеп бойынша сөз сөйледі. ВҮК мүшелеріне Кодекс Алиментариус тобының ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау Комитетімен, кодекс комитеттері бойынша, Ұлттық сараптама орталығының жұмысы шеңберінде жұмысы туралы, сондай-ақ білім алушы ретінде де, оқытушы ретінде де кеңестер мен іс-шаралар туралы ақпарат баяндалды.
2. 2023 жылғы 21 сәуірдегі ВҮК отырысы хаттамасының шешімдерін орындау бойынша:

1) Кеңес хатшысы Ж.Т. Толысбаева ұлттық сарапшылар туралы ережеге ұлттық сарапшылар жұмысының тиімділігін жыл сайынғы бағалау өлшемшарттарын толықтыру туралы баяндады.

2) Құжат ҚР ДСМ СЭБК құқықтық қамтамасыз ету басқармасымен келісілмеген, себебі оны пысықтау талап етіледі. Ереже жоғарыда аталған басқармамен пысықталатын болады.

3) С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Тамақ өнімдерінің органолептикалық қасиеттері бойынша курстар өткізу туралы ақпарат ҰСО және ҚР ДСМ СЭБК сайтында орналастыру мүмкін емес, себебі курстар ақылы негізде өткізіледі.

3. Профессор Н.М. Қарсыбекова Траст қоры жобасының іс-шарасын іске асыру бойынша финалдық конференция «Кодекс Алиментариус. Нәтижелер, алынған сабақтар, жетістіктер» өткізу бойынша дайындық жұмыстары туралы хабардар етті. Қатысушыларға осы конференция бағдарламасының жобасы ұсынылды. Кеңес мүшелері баяндамалардың тақырыптарын талқылады. Бағдарлама мақұлданды.

Баяндамашылардың ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:


1. ҚР ДСМ СЭБК құқықтық қамтамасыз ету басқармасының ескертулеріне сәйкес «Тамақ қауіпсіздігі саласындағы ұлттық сарапшылар туралы» ережені пысықтау.

2. Кодекстің Траст қорының жобасы шеңберінде финалдық конференция өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жалғастыру.

3. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ИНФОСАН бойынша жауапты тұлғаларды анықтағаннан кейін, ҚР ИНФОСАН бойынша ұлттық үйлестірушісі З.Ф. Шарипов ҚР ДСМ СЭБК-мен бірлесіп, одан әрі өзара іс-қимыл мәселесін пысықтау үшін кеңес өткізсін.


4. ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК сайтында жақсы көріну мақсатында Кодекс Алиментариус бетін қайта қарау ұсынылды.

Басқарма төрағасы



Н. Қарсыбекова

Хатшысы



Ж. Толысбаева

**Кодекс Алиментарииус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру
кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2023 жылғы 13 қазан

№	Аты-жөні, лауазымы
1	Г. Қ. Есдәулетова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік тауарларына техникалық регламенттерді бақылау басқармасы басшысының м. а.
2	Н. М. Қарсыбекова - Ұлттық сараптама орталығының стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің халықаралық ынтымақтастық секторының меңгерушісі
3	Ә.К. Жетілгенова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік тауарларына техникалық регламенттерді бақылау басқармасының бас сарапшысы
4	Б.А. Сәкенова – «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы
5	Б.С. Майқанов - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
6	Л.Т. Әутелеева - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Ветеринарлық санитария кафедрасының аға оқытушысы
7	Т.О.Суюндиков - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Басқарма төрағасының орынбасары
8	С.С. Мұхамеджанова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының м. а.

9	А.А. Абдулдаева - Астана медицина университетінің Е. Д. Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ директоры
10	Б.У. Байхожаева – т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі
11	Ю.А. Синявский - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС вице-президенті
12	А.Ш. Шарипбаева - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС жетекші маманы
13	В.В. Лопухин – «Органикалық егіншілік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры
14	Ж.Т. Толысбаева - ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің маманы, ҚР Кодекс байланыс тұлғасы, КАВҮК хатшысы
15	З.Ф. Шарипов - ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаментінің маманы, ИНФОСАН ұлттық үйлестіруші